

5. Кастельс, М. Власть коммуникации: учеб. пособие / М. Кастельс; пер. с англ. Н. М. Тылевич; под науч. ред. А. И. Черных; Нац. исслед. ун-т «Высшая школа экономики». – М.: Изд. Дом Высшей школы экономики, 2016. – 564 с.
6. Кара-Мурза С. Г. Манипуляция сознанием / С. Г. Кара-Мурза. - Москва : Эксмо-Пресс, 2005. — 832 б.
7. Deepfake Alleging Drug Use by Philippine President Marcos Sparks Outrage [Электронды ресурс] - 2024. - Қолжетімді: <https://www.facebook.com/share/v/19r861jheN/>
8. Хвостик Е. Кибервойска применили оружие массовой дезинформации. В 70 странах манипулируют общественным мнением в интернете. – [Электрондық ресурс] – Қолжетімді: <https://www.kommersant.ru/doc/4104362>
9. Market manipulation through fake press releases: Risks and regulations. – [Электрондық ресурс] – Wiztrust, On 27 February, 2025. – Қолжетімді: <https://blog.wiztrust.com/en/market-manipulation-through-fake-press-releases>
10. MIT News. Study: On Twitter, false news travels faster than true stories. [Электрондық ресурс] MIT News Office– March 8, 2018 – Қолжетімді: <https://news.mit.edu/2018/study-twitter-false-news-travels-faster-true-stories-0308>
11. Надырбегов А.С. Влияние фейковых новостей на принятие управленческих решений [Электрондық ресурс] – Коммуникология: электронный научный журнал. Том 8. №1. 2023. – Қолжетімді: <https://cyberleninka.ru/article/n/vliyanie-feykovyh-novostey-na-prinyatie-upravlencheskih-resheniy/viewer>
12. Allcott, H., Gentzkow, M. Social Media and Fake News in the 2016 Election. [Электронды ресурс] – Journal of Economic Perspectives, vol. 31, no. 2, Spring 2017. pp. 211–36. – Қолжетімді: <https://doi.org/10.1257/jep.31.2.211>
13. Зинин Р.В. Коммуникативный потенциал специализированных изданий в сфере культуры: социальная миссия и рынок. [Электронды ресурс] – Научные ведомости. Серия Гуманитарные науки. 2017. № 14(263). Выпуск 34. – С. 107-115. – Қолжетімді: [https://www.researchgate.net/publication/366989012\\_Vypusk\\_34](https://www.researchgate.net/publication/366989012_Vypusk_34)
14. Manipulated Video Targeting Pelosi Goes Viral. [Электронды ресурс] – FactCheck.org. – May 24, 2019.– Қолжетімді: <https://www.factcheck.org/2019/05/manipulated-video-targeting-pelosi-goes-viral/>
15. Asthana S. (2025). Fake News and Its Influence on Political Polarization. [Электронды ресурс] – South Sight: Journal of Media and Society Inquiry, 1(2), 87-99. – Қолжетімді: <https://ejournal2.undip.ac.id/index.php/southsight/article/view/28925>

## ДИСКРИМИНАЦИЯ ЖӘНЕ ҚОҒАМДАҒЫ ИСЛАМОФОБИЯ

**Серікқызы А.**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
«Дінтану» білім беру бағдарламасының магистранты,  
Астана, Қазақстан

E-mail: [arailymserikkyzy01@mail.ru](mailto:arailymserikkyzy01@mail.ru)

*Ғылыми жетекші:* «Дінтану» кафедрасының доценті м.а., PhD, Каирбеков Н.Е.

Қоғам дамыған сайын адамдар арасындағы теңдік пен әділеттілік мәселесіне деген талап та күшейіп келеді. Қазіргі заманда «барлығы тең, әркімнің құқығы бірдей» деген қағидалар кеңінен айтылғанымен, іс жүзінде әлемнің көптеген аймақтарында кемсітушілік пен әділетсіздік түрлі формада әлі де сақталуда. Бұл құбылыс адамдар арасындағы сенімге нұқсан келтіріп, қоғамдық тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

Дискриминация – адамдарды белгілі бір белгісіне қарай бөліп, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін шектеу. Адамды ұлтына, дініне, жынысына немесе сыртқы келбетіне байланысты төмендету қоғамда әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді және бейбіт қатар өмір сүруге кедергі келтіреді.

Қазіргі кезде дискриминацияның ең көп талқыланып жүрген түрлерінің бірі – исламофобия. Бұл ұғым мұсылмандарға қатысты негізсіз қорқыныш, сенімсіздік немесе жағымсыз көзқарасты білдіреді. Ислам дінін ұстанатын адамдарды «бөтен», «қауіпті» деп қабылдау – осы құбылыстың басты белгілерінің бірі.

Бүгінде әлемде 1,8 миллиардтан астам мұсылман өмір сүреді. Олар әртүрлі елдерде, түрлі мәдени және саяси ортада тіршілік етеді. Соған қарамастан, кейбір мемлекеттерде мұсылмандар жұмысқа орналасу, білім алу немесе күнделікті қоғамдық өмірде өз құқықтарын толық пайдалану барысында қиындықтарға тап болады. Орамал таққан қыздарға қысым көрсету, мешіт салуға қарсылық білдіру немесе мұсылмандарды автоматты түрде экстремизммен байланыстыру – исламофобияның нақты көріністері.

Бұл құбылыс тек мұсылмандарға ғана емес, тұтас қоғамға әсер етеді. Әртүрлі әлеуметтік және діни топтар арасындағы сенім әлсіреп, қақтығыстар қауіпі артады. Сондықтан исламофобияны тек діни мәселе емес, кең ауқымды әлеуметтік проблема ретінде қарастыру қажет.

Осы мақалада дискриминация ұғымына жалпы шолу жасалып, исламофобияның оның діни формадағы көрінісі ретіндегі орны талданады. Сонымен қатар, исламофобияның қоғамдағы негізгі көріністері, оның салдары қарастырылады. Негізгі мақсат – мәселені сипаттаумен шектелмей, оны түсінуге және алдын алуға мүмкіндік беретін ой қорыту.

#### ***Дискриминацияның жалпы түсінігі және исламофобиямен байланысы:***

Дискриминация – бұл адамдарды жынысына, нәсіліне, этникалық тегіне, дініне, әлеуметтік жағдайына немесе басқа да жеке ерекшеліктеріне байланысты шектеу немесе әділетсіз қарым-қатынас жасау құбылысы. Терминнің түп-төркіні латынның *discriminatio* сөзінен шыққан, мағынасы – «айыру», «бөлу» дегенді білдіреді. Қоғамдық ғылымдарда дискриминация адам құқығы мен еркіндігінің бұзылуы ретінде қарастырылады.

Әлеуметтанушы М. Вебердің пікірінше, қоғамдағы теңсіздік белгілі бір әлеуметтік топтардың артықшылыққа ие болуынан туады. Бұл артықшылық заңдық, саяси немесе мәдени нормалар арқылы ресми түрде бекітілуі мүмкін. Ал дискриминация дәл осы теңсіздікті заңсыз, әділетсіз формада жүзеге асырады.

БҰҰ-ның «Адам құқықтарының жалпыға ортақ декларациясында» (1948) «әрбір адам нәсіліне, дініне, тіліне, жынысына, саяси немесе басқа да көзқарастарына қарамастан тең құқыққа ие» деп көрсетілген. Бірақ құжатта көрсетілген қағидаларға қарамастан, шынайы өмірде кемсітушілік кең таралғанын байқаймыз.

Дискриминация түрлеріне тоқталатын болсақ ғылыми еңбектерде дискриминацияның бірнеше негізгі түрлері ажыратылады:

- Этникалық дискриминация – адамның шыққан тегіне байланысты шектеулер.
- Гендерлік дискриминация – әйелдер мен ерлер арасындағы теңсіздік.
- Жас ерекшелігіне байланысты дискриминация – жастар мен қарттарға қатысты әділетсіздік.
- Әлеуметтік-экономикалық дискриминация – табысы мен әлеуметтік мәртебесіне байланысты теңсіздік.
- Діни дискриминация – адамның сеніміне байланысты қудалау немесе қысым.

Көрнекті ойшыл - ғалым Ф.Энгельс «.....қоғамда үстем топ әрдайым өз мүддесін қорғап, өзгелерді шеттетуге ұмтылады» деп көрсеткен. Діни сенімге байланысты дискриминация да осы заңдылыққа бағынады: көпшілік дінді ұстанатындар азшылық дінді ұстанушыларды шеттетіп, олардың құқықтарын шектеуі мүмкін.

Діни сенім – адамның ішкі дүниесімен, құндылықтарымен тығыз байланысты. Сол себепті діни сенімге байланысты қысым жеке адамның психологиясына қатты әсер етеді. Бұл тек белгілі бір діни рәсімдерді орындауға шектеу ғана емес, адамның өз болмысын жоққа шығару болып саналады.

Мысалы, тарихта католиктер мен протестанттар арасындағы қайшылықтар, еврейлерге қарсы антисемитизм, буддашыларға қарсы қудалаулар сияқты көптеген мысал бар. Қазіргі заманда діни дискриминация көбіне мұсылмандарға қатысты байқалып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда, исламофобия – дискриминацияның діни формадағы нақты көрінісі. Исламофобия деп ислам дінін ұстанатын адамдарға бағытталған күдік, жағымсыз стереотип, сенімсіздік немесе ашық жеккөрушілікті айтады. Оның салдары – мұсылмандардың күнделікті өмірінде теңсіздікке ұшырауы. Мысалы, мұсылман әйелдің орамал тағуы кейбір қоғамдарда жұмысқа орналасуға немесе білім алуға кедергі болуы мүмкін. Бұл жағдай сырт көзге бейтарап саясат сияқты көрінгенімен, шын мәнінде нақты бір діни топты шектейтін әрекет болып шығады.

Исламофобия дискриминацияның басқа түрлерімен ұқсас белгілерге ие. Гендерлік немесе этникалық кемсітушілікте белгілі бір топты «ерекше» деп бөліп, оған қатысты жағымсыз пікір қалыптасса, исламофобияда дәл сондай процесс ислам дінін ұстанушыларға қатысты жүреді. Мұнда діни атрибуттар – мешіт, намаз, орамал, ұлттық киім немесе тағамдық әдеттер – қоғамдағы күдіктің нысанына айналады. Кейбір зерттеулерде көрсетілгендей, Батыс елдерінде мұсылмандардың

жұмысқа қабылдану ықтималдығы басқа үміткерлерге қарағанда айтарлықтай төмен (Pew Research Center, 2017). Бұл факт исламофобияның тікелей әлеуметтік салдарын көрсетеді.

Исламофобияның ерекшелігі – ол тек жекелеген адамдардың субъективті пікірінде ғана емес, кейде мемлекеттік саясат деңгейінде де көрініс табады. Мысалы, кейбір елдерде қоғамдық орындарда діни символдарды пайдалануға заң жүзінде тыйым салынған. Бұл жағдай мұсылмандардың діни бостандығын шектеп, олардың қоғамдағы тең мүмкіндіктерін азайтады. Сол арқылы исламофобия институционалдық дискриминацияға айналады.

Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан исламофобия қоғамда бөлінушілік тудырады. Мұсылман адам өз сенімін ашық көрсеткен жағдайда қысымға ұшырайды деген сезімде болады. Бұл, бір жағынан, оның азаматтық белсенділігін төмендетсе, екінші жағынан, қоғамда «бөтен» деген көзқарасты күшейтеді. Ғалымдар мұндай жағдайлар әлеуметтік интеграцияға кедергі жасап, этникалық немесе діни топтардың оқшаулануына әкелуі мүмкін екенін атап өтеді.

Жалпы алғанда, дискриминация мен исламофобия арасындағы байланыс мынадай түрде көрінеді: дискриминация – жалпы адамдарды әртүрлі ерекшелігіне қарай шеттету болса, исламофобия – осы шеттетудің діни негіздегі формасы. Екеуінің түпкі мәні – қоғамдағы теңсіздікті күшейту және белгілі бір топтың құқықтарын шектеу. Бірақ исламофобияның қауіптілігі – ол тек әлеуметтік әділетсіздікті тудырып қана қоймай, қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылыққа қауіп төндіреді.

### ***Ислам дініне қатысты қалыптасқан стереотиптер:***

Қазіргі қоғамда исламофобияның күшеюіне әсер етіп отырған негізгі факторлардың бірі — ислам діні мен мұсылмандарға қатысты қалыптасқан жалған әрі үстірт стереотиптер. Бұл стереотиптер тарихи үдерістер барысында қалыптасып, бүгінгі таңда бұқаралық ақпарат құралдары, саяси дискурс және әлеуметтік желілер арқылы кеңінен таралуда. Соның нәтижесінде ислам діні қоғамдық санада қауіп пен жатсынудың символы ретінде қабылдана бастады.

#### **1. «Мұсылман = террорист» деген стереотип.**

Ең кең таралған әрі қоғам үшін аса қауіпті стереотиптердің бірі — мұсылмандарды терроризммен тікелей байланыстыру. Бұл түсініктің қалыптасуы тек 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғаларымен шектелмейді, оның тарихи тамыры әлдеқайда тереңде жатыр.

Орта ғасырлардағы крест жорықтары кезеңінде ислам «қарсылас дін», ал мұсылмандар «қауіп төндіруші жау» ретінде сипатталды. Бұл көзқарас кейін батыстық әдебиет пен мәдениетте орнығып, «шығыс фанатизмі» туралы образдардың қалыптасуына ықпал етті. Мұндай риторика Батыстың өзін «өркениетті», ал мұсылман әлемін «артта қалған» ретінде көрсетуіне мүмкіндік берді.

XX ғасырда Таяу Шығыстағы саяси қақтығыстар мұсылмандарды экстремизммен байланыстыра қабылдауды күшейтеді. Ал 2001 жылғы терактілерден кейін бұл стереотип институционалдық деңгейге дейін жетіп, мұсылмандарға қарсы дискриминацияның артуына алып келді. АҚШ-та өшпенділік сипатындағы қылмыстардың күрт өсуі осы үрдістің нақты дәлелі болып табылады. (FBI Hate Crime Statistics, 2002)

Қазіргі батыстық медиакөңістікте «терроризм» ұғымының «ислам» сөзімен қатар қолданылуы қоғам санасында тұрақты ассоциация қалыптастырды. Бұл жағдай миллиондаған бейбіт мұсылмандардың қоғамдық өмірден шеттетілуіне және олардың азаматтық құқықтарының шектелуіне әкеліп отыр.

#### **2. Мұсылман әйелдерінің мәртебесіне қатысты стереотиптер.**

Ислам дініне қатысты тағы бір кең таралған стереотип — мұсылман әйелдерін «құқығы жоқ, ерлерге тәуелді» тұлға ретінде сипаттау. Бұл көзқарас, әсіресе, еуропалық елдерде кеңінен таралған және исламдағы әйел мәртебесін біржақты әрі үстірт түсінуге негізделген.

Батыстық дискурста орамал тағу көбіне әйелді қысымға ұшыратудың белгісі ретінде көрсетіледі. Алайда эмпирикалық зерттеулер мұсылман әйелдерінің басым бөлігі хиджабты өз еркімен, діни және мәдени болмысының бір бөлігі ретінде таңдайтынын көрсетеді. (Pew Research Center, 2019)

Тарихи деректер ислам өркениетінде әйелдердің білім, ғылым және мәдениет салаларында маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді. Ислам тарихында әйелдер университеттер құрып, қоғамдық өмірге белсенді қатысқан. Қазіргі кезеңде де бірқатар мұсылман елдерінде әйелдер саяси билікке келіп, мемлекет басшысы қызметін атқарған.

Соған қарамастан, батыстық бұқаралық ақпарат құралдарында мұсылман әйелдерінің бейнесі көбіне «құрбан» немесе «бақылаудағы тұлға» ретінде беріледі. Бұл исламды терең түсінбеумен қатар, батыстық құндылықтарды әмбебап үлгі ретінде көрсетуге ұмтылумен байланысты.

#### **3. Мұсылмандардың қоғамға интеграциялануына қатысты көзқарастар.**

Мұсылмандарға қатысты тағы бір кең таралған стереотип – олардың батыстық қоғамға бейімделуге қабілетсіздігі туралы пікір. Бұл түсінік көбіне саяси риторикада көрініс тауып, мұсылман қауымдары «параллель қоғам» құрып жатыр деген айыптаулармен ұштасады.

Алайда ғылыми зерттеулер мұсылмандардың интеграция деңгейі олардың діни ерекшеліктеріне емес, қоғамдағы дискриминация дәрежесіне тікелей байланысты екенін көрсетеді. Жұмысқа орналасудағы шектеулер, тұрғын үй нарығындағы кемсітушілік және этникалық профильдеу мұсылман қауымдарының әлеуметтік бейімделуіне айтарлықтай кедергі келтіреді.

Қоғамдық сауалнамаларда мұсылмандардың «қоғамға сіңіспейді» деген пікірі жиі кездескенімен, нақты деректер бұл көзқарастың шындыққа сәйкес келмейтінін дәлелдейді. Мұсылман жастары білім алып, кәсіпкерлікпен айналысып, қоғамдық және саяси өмірге белсенді түрде қатысып отыр.

Осылайша, мұсылмандардың интеграцияланбауы туралы стереотип мәдени айырмашылықтардан туындайтын қорқынышқа негізделген. Тарихи және қазіргі тәжірибе мұсылман қауымдарының қабылдаушы қоғамдардың мәдени, ғылыми және әлеуметтік дамуына елеулі үлес қосып келе жатқанын көрсетеді.

#### ***Қоғамдағы исламофобия көріністері:***

Исламофобия қазіргі әлемде әртүрлі аймақтарда әркілы формада көрініс табады. Оның таралуына тарихи қақтығыстар, миграциялық процестер, экономикалық тұрақсыздық, мәдени айырмашылықтардан туындайтын қорқыныш, сондай-ақ медиа мен саясаттағы стереотиптердің белсенді түрде таралуы ықпал етеді. Дегенмен, бұл құбылысты бірнеше негізгі аймақтық үлгіге бөліп қарастыру логикалық тұрғыдан тиімді.

Батыс елдерінде исламофобия көбіне институционалдық және саяси сипатта көрінеді. Франция, Германия, Ұлыбритания және АҚШ сияқты елдерде мұсылмандар қоғамның елеулі бөлігіне айналғанымен, миграция мен мәдени әртүрлілікке байланысты қорқыныш теріс дискурстарды күшейтті. Францияда 2004 жылы мемлекеттік мектептерде діни белгілерге тыйым салу, ал 2010 жылы қоғамдық орындарда ниқаб пен бурка киюді заңсыз деп тану ресми түрде зайырлылықты қорғау мақсатында түсіндірілгенімен, көптеген зерттеушілер бұл шараларды мұсылман әйелдердің діни бостандығын шектеу деп бағалады. Германияда «AfD» сияқты оңшыл-популистік күштердің риторикасы мұсылмандарды қоғамға қауіп төндіретін топ ретінде көрсетіп, қоғамдық сенімсіздікті арттырды (Bayraktı & Hafez, 2020).

АҚШ-та исламофобияның күшеюі 2001 жылғы 11 қыркүйек оқиғаларынан кейін айқын байқалды. FBI деректеріне сәйкес, мұсылмандарға қарсы жеккөрушілік қылмыстары бір жыл ішінде бірнеше есе артқан (FBI Hate Crime Statistics, 2001). Кейінгі жылдары құқықтық қорғау шаралары қабылданғанымен, медиа кеңістікте қалыптасқан стереотиптер толық жойылған жоқ.

Азия елдерінде исламофобия көбіне этникалық және саяси факторлармен астасады. Үндістанда мұсылмандар саны шамамен 200 миллион адамды құрағанымен, инду-ұлтшыл идеологияның күшеюі кей аймақтарда мұсылмандардың әлеуметтік және экономикалық тұрғыда шеттетілуіне алып келді. Ал Қытайдың Шыңжаң өңірінде ұйғыр мұсылмандарына қатысты саясат халықаралық деңгейде қатты сынға ұшырап отыр. Миллионнан астам адамның «қайта тәрбиелеу лагерьлеріне» қамалуы, діни және мәдени тәжірибелердің шектелуі адам құқықтарының өрескел бұзылуы ретінде бағалануда.

Посткеңестік кеңістікте исламофобия көбіне қауіпсіздік дискурсы арқылы көрініс табады. Ресейде діни әдебиеттердің «экстремистік» деп танылуы, мешіттер мен имамдардың тұрақты бақылауда болуы мұсылман қауымдастықтарына қысым түсіреді. Орталық Азия елдерінде де жас мұсылмандар «радикализммен байланысы бар» деген күдікке жиі ілігіп, әлеуметтік стигматизацияға ұшырайды. Соған қарамастан, бұл елдердегі мұсылман қауымдастықтары діни білім беру, қайырымдылық және мәдени жобалар арқылы қоғаммен бейбіт қарым-қатынас орнатуға ұмтылуда.

#### ***Салдары:***

- Исламофобия жеке адамға да, қоғамға да көпқабатты зиян келтіреді. Жеке тұлға деңгейінде ол ең алдымен психологиялық қысым арқылы көрінеді: тұрақты стресс, қорқыныш, депрессия. АҚШ-тағы зерттеулерге сәйкес, мұсылман жастардың 45%-ы мектепте немесе қоғамдық орындарда өзін қауіпсіз сезінбейді, ал 30%-ы ұзақ мерзімді психологиялық қысымға ұшырайды (Khan, 2019). Мұндай жағдай өзін-өзі бағалаудың төмендеуіне, әлеуметтік белсенділіктің азаюына әкеледі. Әсіресе мұсылман әйелдер діни киіміне байланысты дискриминацияға жиі тап болып, қоғамдық өмірден шеттетіледі. Ұзақ уақыт бойғы теріс қарым-қатынас өзін оқшаулау мен жеке болмысты жасыруға мәжбүр етеді (Pew Research Center, 2017).

- Қоғамдық деңгейде исламофобия бөліну мен поляризацияны күшейтеді. Стереотиптер мен дискриминация әртүрлі топтар арасындағы сенімді әлсіретіп, диалогқа кедергі жасайды. Еуропаның

кейбір қалаларында мұсылмандардың қоғамға толық араласа алмауы әлеуметтік шиеленістер мен қақтығыстарға әкеліп отыр (Bayraklı & Hafez, 2020). Мұндай ортада, әсіресе жастар мен әлеуметтік осал топтар арасында, радикализация қаупі артады (Kundnani, 2012).

- Экономикалық салдары да айқын. Исламофобия еңбек нарығындағы теңсіздікке, білім мен әлеуметтік қызметтерге қолжетімділіктің шектелуіне себеп болады. Ұлыбританияда мұсылмандардың 25%-ы дискриминация салдарынан жұмысқа тұра алмағанын немесе жұмыс орнында қысым көргенін айтқан (Modood, 2019). Бұл қоғамның экономикалық әлеуетін толық пайдалануға кедергі келтіреді. Сонымен қатар, мәдени салада теріс стереотиптердің ұрпақтан ұрпаққа берілуі көпмәдениетті диалогты әлсіретіп, әртүрлілікті шектейді.

- Психологиялық қысым мен әлеуметтік шеттету тек жеке адамдарға емес, қоғамның тұрақтылығына да қауіп төндіреді. Үздіксіз дискриминация сенімсіздікті күшейтіп, әлеуметтік шиеленісті арттырады. Осындай жағдайда радикалды және экстремистік топтар дискриминацияны өз ықпалын күшейту үшін пайдалана алады, бұл жалпы қауіпсіздікке қатер тудырады.

Исламофобияның алдын алу үшін заңдық шаралармен қатар білім беру, мәдени және қоғамдық интеграцияға бағытталған бастамалар қажет. АҚШ пен Еуропадағы кейбір қалаларда өткізілетін мәдени фестивальдер, қоғамдық диалог жобалары мен мектептердегі мультикультурализм сабақтары қоғамдағы сенімді арттырып, радикализация қаупін төмендетуге ықпал етіп отыр.

Қорытындылай келе, исламофобия – тек бір діни топқа қатысты теріс көзқарас емес, қоғамның әділеттілігі мен тұрақтылығына тікелей әсер ететін күрделі әлеуметтік мәселе. Ол жеке адамды психологиялық қысымға түсіріп, өзін қауіпсіз сезінбеуге, оқшаулануға және өз болмысын жасыруға итермелейді. Қоғам деңгейінде мұндай құбылыс сенімнің әлсіреуіне, топтар арасындағы поляризацияға, шиеленістердің күшеюіне әкеліп, кей жағдайда радикализация қаупін арттырады. Сонымен қатар, еңбек нарығы мен білім беру салаларындағы теңсіздік мұсылман азаматтардың мүмкіндігін шектеп қана қоймай, мемлекеттің жалпы экономикалық және мәдени дамуын тежейді.

Сондықтан исламофобиямен күрес бір реттік акция немесе тек заңдық шектеулермен ғана шешілетін тақырып емес. Нақты нәтиже шығуы үшін құқықтық қорғау механизмдерімен қатар білім беру арқылы стереотиптерді азайту, медиа сауаттылықты күшейту, мәдени диалог пен интеграцияны қолдайтын қоғамдық жобаларды тұрақты түрде дамыту қажет. Қоғам әртүрлілікті қауіп емес, ресурс ретінде қабылдаған кезде ғана сенім артып, әлеуметтік үйлесім күшейеді. Ал ол дегеніміз – болашақта қауіпсіз, әділетті және бір-бірін “бөтен” көрмейтін қоғамға жақындаймыз.

### Әдебиеттер тізімі

1. Pew Research Center (2016, 2017, 2019). Attitudes toward Muslims and Islam.
2. Fisher M. (2021). The Spread of Anti-Muslim Narratives in Media. Journal of Media Studies. FBI Hate Crime Statistics (2002).
3. Khan S. (2019). Psychological Impacts of Islamophobia on Muslim Communities. Journal of Social Psychology.
3. Pew Research Center (2017). Being Muslim in Western Europe.
4. Kundnani, A. (2012). The Muslims Are Coming! Islamophobia, Extremism, and the Domestic War on Terror. Verso.
5. Bayraklı, E., & Hafez, F. (eds.) (2020). European Islamophobia Report 2019. SETA.
6. Modood, T. (2019). Multiculturalism, Muslims and Citizenship: A European Perspective. Routledge.

## ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАРДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ СЫРТҚЫ САЯСАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

### Серікқызы Ә.

Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің саясаттану және әлеуметтану кафедрасының студенті, Қазақстан  
e-mail: [abdurasuli.aliya@mail.ru](mailto:abdurasuli.aliya@mail.ru)

Ғылыми жетекшіі: қауымдастырылған профессор, т.ғ.к.

Г.А. Жумасұлтанова

XX ғасырдың соңғы онжылдығы адамзат баласының саяси тарихындағы қайталанбас тектоникалық жылжулармен сипатталады. Биполярлық әлемнің құлдырауы мен «қырғи-қабак